

Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамыту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қараша N 1778. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.16. N 557 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамыту және осы саладағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Мемлекеттік инвестициялар есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын құрылыс объектілері мен кешендерінің техникалық-экономикалық негіздемелері (ТЭН) мен жобаларын құрылыстың с м е т а л ы қ қ ұ н ы :

қолданылып жүрген бағамен 400 000 000 (төрт жүз мың) теңгеге дейін болса, құрылысқа тапсырыс берушілер бекітеді;

қолданылып жүрген бағамен 400 000 000 (төрт жүз мың) және одан астам айлық есептік көрсеткіш болса, олар Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) бекітуіне жатады;

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен тоқсан сайын Комитетті күрделі құрылыс саласындағы, мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу мен құрылыс материалдарының экспорты-импорты аясындағы статистикалық материалдармен қамтамасыз етіп о т ы р с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті құрылыстағы инвестициялық жобаларды қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту жөніндегі жұмыстарды белсенді түрде жүргізсін, Комитеттің қатысуымен сыртқы инвесторлармен және кредиторлармен келісім-шарттарды әзірлеу мен жасасу кезінде отандық мердігерлік ұйымдар мен материал өндірушілердің мүдделерін сақтауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін. <*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.27. N 907 қаулысымен .

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 28 қарашадағы

N 1778 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың бағдарламасы

Ескерту. Бағдарламаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен , 2004.08.27. N 907 қаулысымен .

1. Паспорт

1. Бағдарламаның атауы: Қазақстан Республикасы Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың бағдарламасы

2. Бағдарламаның әзірлеушісі мен әкімшісі: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті

3. Бағдарламаның құрылымы: Қазақстан Республикасында Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың бағдарламасы паспорттан, кіріспеден және мынадай бағыттар бойынша секторлық

бөлімдерден тұрады:
қала құрылысы;
күрделі құрылыс;
тұрғын үй құрылысы;

құрылыстағы мердігерлік жұмыстар;
құрылыс материалдарының, бұйымдары мен
құрастырмаларының өндірісі;
нормативтік-техникалық база;
қолданбалы ғылым және жобалау ісі;
мемлекеттік басқару жүйесі.

Бөлімдерде сектордағы істердің қазіргі жай-күйі мен проблемаларына қысқаша талдау жасалған, мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ саланы тұтас дамытуды қамтамасыз ететін істің жайын жақсартуды және проблемаларды шешу жөніндегі қажетті шараларды белгілейді.

4. Бағдарламаны іске асыру мерзімдері:

Қазақстан Республикасында Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 2000-2005 жылдар ішінде бірінші кезектегі міндеттерді шешуге бағытталған.

инфрақұрылымды дамыту мен орналастыру жүйесімен қоса Қазақстан Республикасының Аумағын ұйымдастырудың бас сызбасын әзірлеу бюджеттен қаржыландырылған жағдайда 2005 жылы аяқталады.

2005 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бірінші кезектегі шаралар аяқталғанда жасалатын болады.

5. Қаржыландыру көлемі мен көздері.

Бағдарламаны қаржыландыру Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытуға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады, жыл сайынғы көлем тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады: 2002 жылы - 63,0 миллион теңге, бөліну болжанып отырған 2003 жылы - 249,0 миллион теңге, 2004 жылы - 167,2 миллион теңге, 2005 жылы - 131,6 миллион

теңге. <*>

2. Кіріспе

Елдің қоғамдық-саяси және экономикалық құрылысындағы өзгерістер сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін жүзеге асыруда жаңа көзқарастарды талап етеді. Жаңа өндірістік кешендер құрылысында, тұрғын үй мен әлеуметтік сала құрылысын дамытуда мемлекеттің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін отандық құрылыс салаларын көтеру және олардың сенімді жұмыс істеуі үшін жағдай т у ғ ы з у қ а ж е т .

Бүгінгі таңда, республика экономикасындағы айқын оң өзгерістердің нәтижелеріне қарамастан, құрылыс саласы жаңа тұрғын үй құрылысы көлемінің қанағаттанғысыз төмендеуімен, негізгі қорлардың моральдық тозуымен және жедел істен шығуымен, жұмыссыздықтың өсуімен, құрылыстық қызмет көрсетулер мен материалдар импортының артуымен сипатталады.

Сонымен бірге, құрылыс белгілі бір жағдайларда ел экономикасын жеделдете өркендету негіздерінің бірі бола алатын бәсекеге қабілетті отандық салалардың бірі болып табылады. Осындай мақсатқа қол жеткізу үшін басты талаптардың қатарында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласында дәйекті мемлекеттік саясат жүргізу қажет деп танылады.

Қазақстан Республикасында Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың осы Бағдарламасы 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық дамуын ескере отырып әзірленді және 2005 жылға дейінгі кезеңге е с е п т е л г е н . < * >

Бағдарламада саланы тұрақтандыруға және оны дәйекті көтеруге бағытталған і с - ш а р а л а р к е ш е н і ж а з ы л ғ а н .

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

3. Қала құрылысы

П р о б л е м а л а р

Елді мекендердің инфрақұрылымын жаңартудың және қоныстанбайтын аумақтарды игерудің бұрынғы тетіктерінің (әлеуметтік-экономикалық тетіктерді қоса алғанда) тоқтатылуы, сонымен бір мезгілде мемлекеттік реттеу негізінде аумақтарда ұйымдастырудың, дамытудың, жайластыру мен оларға құрылыс салудың жаңа қағидаттарының болмауы белгілі бір келеңсіз зардаптарға әкеп с о қ т ы р а д ы .

Нәтижесінде, қала құрылысын салу саласында қазіргі уақытта мынадай п р о б л е м а л а р о р ы н а л у д а :

- 1) экологиялық (табиғатты қорғау және әлеуметтік-экологиялық бағыттар);

2) әлеуметтік-экономикалық;

3) елді мекендерді дамыту мен аумақтарды игеру (жайластыру) серпіндегі әлеуметтік-демографиялық;

4) аумақтық-жоспарлау;

5) жеке меншік тұрғын үй қоры рыногының ғана көрінісін танытатын жылжымайтын мүлік рыногының жеткіліксіз деңгейде дамуы.

М і н д е т т е р

Қала құрылысы саласындағы негізгі міндеттер халықтың өмір сүру және толыққанды тіршілік ету ортасын құру, қала құрылысы қызметі кезінде аумақтарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту үшін мемлекеттік қала құрылысы саясатын қалыптастыру болып табылады.

Іс-шаралар

Аталған міндеттерді іске асыру үшін мынадай бағыттар белгіленген:

1) Мемлекеттік қала құрылысы саясатының әзірленген тұжырымдамасын іс жүзінде асыру;

2) "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңын қабылдау;

3) инфрақұрылымды орналастыру мен дамыту жүйесімен бірге Қазақстан Республикасының Аумағын ұйымдастырудың бас сызбасын әзірлеуді бастау;

4) Елдің аумағын ұйымдастырудың бас сызбасының негізінде аумақты қала құрылысына жоспарлаудың, өндірістік, көліктік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың аймақаралық және аймақтық кешенді сызбаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

5) қалаларды дамыту мен салуды, аумақтарды игеру мен жайластыруды реттейтін бас жоспарлардың және басқа да қала құрылысы құжаттамасының негізінде жүзеге асыру;

6) республикалық, облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) және аудандық деңгейлерде мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүйесін қалыптастыру.

4. Күрделі құрылыс

П р о б л е м а л а р

Күрделі құрылыстағы инвестициялар немесе негізгі қорларды құру мен ұдайы өндіруге арналған шығындар 1999 жылдың 12 айы ішінде 243,1 миллиард теңге болды. Соңғы 3 жылдың ішінде осы салада инвестициялардың біршама өсуі байқалғанымен, 1990 жылдан бері орын алған күрделі құрылыс көлемінің он еседен астам қысқаруы, бір жағынан, өнеркәсіптегі негізгі қорлардың моральдық

және табиғи тозуына, ал екінші жағынан, құрылыс кешенінің күні кеше ғана қуатты мүмкіндіктерінің сұранымсыз қалуына әкеп соқты.

М і н д е т т е р

Күрделі құрылысқа жұмсалатын инвестициялардың бәсекеге қабілетті қазіргі кәсіпорындардың негізгі қорларының ұдайы өсуі мен елдің экономикалық дамуының жоспарларында көзделген жаңа кәсіпорындардың құрылысын салуды қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру.

І с - ш а р а л а р

Инвестициялық ахуалды жақсарту мен сыртқы және ішкі инвестицияларды тарту үшін тиісті нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде, оның ішінде салық салу мәселелері жөнінде де дәйекті жұмыс жүргізілетін болады.

Осы мақсаттарға орай Қазақстан Республикасының "Шетел инвестициялары туралы" және "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңдарын біріктіретін және шетелдік пен отандық инвесторлардың құқықтарын теңестіретін "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасының тиісті Заңында көзделген тікелей инвестицияларды мемлекеттік қорғау саясаты дәйекті жүргізілетін болады.

Ескерту. 4, 5 абзацтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.05.17. N 534 қаулысымен .

5. Тұрғын үй құрылысы

П р о б л е м а л а р

Қазіргі уақытта республикадағы тұрғын үй қорының жалпы алаңы 253 млн. шаршы метрді құрайды, саны 15 млн. адам халықтың бұл орта есеппен әр адамына 17 шаршы метрден келеді. Алайда, соңғы он жылдың ішінде тұрғын үй құрылысының көлемі ұдайы төмендеді және 1990 жылдағы 7,9 млн. шаршы метрден 1999 жылы 1,1 млн. шаршы метрге дейін түсті, сонымен бірге тұрғын үй қорын қарапайым ұдайы өсіру (сақтау) жағдайын негізге алатын болсақ, жылына кем дегенде 3 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру қажет. Пәтер меншік иелері кооперативтеріне (ПМК-не) қарайтын көп пәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу барлық жерде тоқтатылды деуге болады.

Нәтижесінде, жылдан жылға халықтың көптеген санаттарының тұрғын үй проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр, тұтастай алғанда, тұрғын үй қоры тозды, апатқа ұшырау қаупі Жоғары және тозығы жеткен тұрғын үйлердің саны өсті, сондай-ақ құрылыс-монтаж ұйымдарының жұмыс көлемі күрт төмендеді. Жаппай құрылыс салудың алғашқы жылдарында тұрғызылған ірі панельді үйлерді жаңғырту мен еліміздің сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы көптеген

үйлер мен ғимараттардың сейсмикалық төзімділігін арттыру проблемалары өз шешімін талап етеді.

М и н д е т т е р

Тұрғын үй құрылысын дамыту және тұрғын үй қорын сақтау үшін жағдайлар жасау. Тұрғын үй қорын қарапайым ұдайы өсіру (сақтау) жағдайын негізге ала отырып, таяу жылдары тұрғын үй құрылысының көлемін жылына 3 млн. шаршы метрге дейін жеткізу қажет.

І с - ш а р а л а р

Сенімді және халық сенімін иеленетін құрылыс жинақ ақшасы жүйесін құру - тұрғын үй құрылысын дамытудың негізгі бағыты болады, ол адал салымшыларға сыйлық түрінде мемлекеттік қолдау көрсетеді.

Осы мақсатта 2000 жылдың екінші жарты жылдығында "Құрылыс жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілді.

Қазіргі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру арқылы ипотекалық несие жүйесі одан әрі дамытылатын болады.

Мемлекеттік пен қызметтік тұрғын үйлер құрылысын салу жалғасады, ол үшін барлық деңгейдегі бюджеттерде қажетті қаражат көзделетін болады.

Астана қаласында, бірінші кезекте бюджеттен тыс қаражаттарды тарту есебінен тұрғын үй құрылысын салу жеделдетілген қарқынмен жалғастырылады.

Жаппай құрылыс салудың алғашқы жылдарында тұрғызылған ірі панельді тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сейсмикалық қауіпті аймақтарындағы үйлер мен ғимараттардың сейсмикалық төзімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың аймақтық және республикалық іс-шаралар жоспарлары әзірленетін болады.

Тұрғын үйлердің нормативтік тұрғыдан күтіп, ұсталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және ПМК-іне құқықтық көмек көрсету мақсатында 2001 жылы тұрғын үйлерді мемлекеттік инспекциялаудың жүйесі құрылатын болады.

6. Құрылыстағы мердігерлік жұмыстар

П р о б л е м а л а р

Соңғы он жылдың ішінде күрделі қаржы көлемінің азаюына байланысты өнеркәсіп құрылысының да, тұрғын үй құрылысының көлемі де күрт төмендеп кетті, ал жалпы ішкі өнімнің құрылымында олардың үлесі 1990 жылдағы 12 пайыздан 1999 жылғы 4,8 пайызға дейін төмендеді. Сонымен бір мезгілде, импорттық жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) құқықтық реттеу мәселелерінің

пысықталмауы және құрылыстағы мердігерлік жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) сатып алуға конкурстар ұйымдастыру мен өткізуде кемшіліктердің болуы салдарынан республикадағы құрылыс-монтаж жұмыстарының едәуір көлемін шетелдік фирмалар орындауда. Істің мұндай жағдайына отандық мердігерлердің айналым қаражатын толықтыруға арналған несиелік ресурстарға, сондай-ақ шетел капиталы қатысатын ірі инвестициялық жобалар бойынша мердігерлік жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) сатып алу конкурстарына қатысқан кезде олардың өз міндеттемелерін банктік және сақтандыру кепілдіктерімен қамтамасыз етуге қол жеткізе алмауы ықпал етеді.

Нәтижесінде, отандық құрылыс-монтаж ұйымдарының жүктемесі де, тиісінше олар орындайтын жұмыс көлемі де күрт қысқарды. Олардың көпшілігі өздерінің өндірістік-техникалық және кадр әлеуетінен біртіндеп айрылуда, нәтижесінде сәулет-құрылыс мамандықтары бар жұмысшылар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейде екендігі байқалады.

М і н д е т т е р

Елдің құрылыс-монтаж ұйымдарының өндірістік-техникалық және кадр әлеуетін сақтау және арттыру үшін жағдайлар жасау.

І с - ш а р а л а р

Мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік реттеуді жетілдіруге, Қазақстандағы объектілер құрылысына, оның ішінде шетелдік капиталды тарта отырып салынып жатқандарына отандық құрылыс-монтаж ұйымдарының қатысуын кеңейту үшін жағдайлар жасауға бағытталған қазіргі нормативтік құқықтық базаға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу к ө з д е л і п о т ы р .

Құрылыс саласындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында шетелдік жұмыс күшін әкелуді ретке келтіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын арттыру үшін құрылыс-монтаж ұйымдарын құрылыс сапасын басқарудың халықаралық стандарттарына көшіру жөнінде шаралар әзірленетін болады.

Құрылыста баға белгілеу мен қаржыландыру тетіктерін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Құрылыс-монтаж ұйымдарын осы заманғы машиналармен, механизмдермен және жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында құрылыста лизингті дамыту жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Құрылыс-монтаж ұйымдарының өнеркәсіптік кәсіпорындарды шетелдік фирмалардың басқаруына беру жөніндегі Үкіметтің жекелеген шешімдерінің нәтижесінде жинақталған дебиторлық берешектерді кезең-кезеңімен өтеу немесе қайта құрылымдау жүргізіледі.

7. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өндірісі

Проблемалар

Республикадағы құрылыс кешенінің негізі болып табылатын құрылыс материалдарының өндірісін дамыту еліміздің құрылыс саласын өрістетудегі басымдықтардың бірі болып табылады.

Алайда, құрылыс саласының ұзақ уақыт бойы дағдарысты жұмыс істеуі және республикаға едәуір мөлшерде құрылыс материалдары импортының әкелінуі республикада құрылыс материалдары мен бұйымдарының өндіріс көлемін қ ұ л д ы р а т ы п ж і б е р д і .

Мәселен, құрылыс материалдары өнеркәсібінің республиканың өнеркәсіптік өнімдерінің жалпы құрылымындағы үлесі 1994 жылдағы 4,1 пайыздан 1999 жылғы 0,89 пайызға дейін төмендеді.

Сонымен бірге, кәсіпорындардың ескірген, тозу деңгейі 60-80 пайызды құрайтын, энергияны көп қажет ететін технологиялық желілермен және жабдықтармен жарақталуы ішкі рыноктың өзінде бәсекеге қабілетті өнім жасауға мүмкіндік бермеді. Ішкі рынок импорттық құрылыс материалдары мен бұйымдарға толып кеткендіктен, жағдай одан әрі шиеленісе түсті. Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті отандық материалдарды, бұйымдар мен құрастырмаларды қолданудан негізсіз бас тарту кеңінен етек алды.

Міндеттер

Өндірісті тұрақтандыру мен дамыту, құрылыста бәсекеге қабілетті отандық құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын қолдануды кеңейту үшін нормативтік құқықтық және экономикалық алғышарттар жасау.

Іс-шаралар

Құрылыстың келешегі бар, бәсекеге қабілетті және сұранымға ие өнімдер шығаруды көздейтін құрылыс материалдарының өнеркәсіптік кәсіпорындарын жаңғырту немесе техникалық қайта жарақтандыру жобалары Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына белгіленген тәртіппен енгізілетін болады. Осындай жобаларға Үкімет қаржыландыруды, оның ішінде сыртқы несиелер мен заемдарды іздестіру мен тарту, табиғи ресурстарды өндіруге, жайластыру мен пайдалануға арналып жасалған келісім-шартқа және тартылатын инвестициялық заемдарға арналған шарттарға тиісті қағидаларды енгізу арқылы ұйымдастыруда а т а у л ы қ о л д а у к ө р с е т е д і .

Отандық құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қолдану аясын кеңейту мақсатында "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін Қазақстан Республикасының Парламентіне тиісті ұсыныстар әзірленеді және ұсынылатын

б о л а д ы .

Отандық құрылыс өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін:

1) "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен беріліп отырған мүмкіндіктер п а й д а л а н ы л а т ы н ;

2) тиісті тауарларды әкелуге арналған кедендік баж ставкалары қажет болған жағдайда қайта қаралатын болады.

Тапсырыс берушілерді, мердігерлер мен жобалау ұйымдарын Қазақстанда өндірілетін бәсекеге қабілетті құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін республикада олардың өндірістік мониторингі ұйымдастырылады және жаңартылған тиісті тізімдемесі мезгіл-мезгіл шығарылып тұратын болады. Толық немесе ішінара мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобаларда импорттық құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тиісті негіздемелер болған жағдайда ғана қолданылуы көзделетін тәртіп енгізілетін болады.

Құрылыс тауарларының, оның ішінде халықаралық көрмелерін өткізу тәжірибесі жалғасатын болады.

8. Нормативтік-техникалық база

П р о б л е м а л а р

Қазақстан Республикасының Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметінің нормативтік-техникалық базасы басым көпшілігі Кеңестік Одақ кезінде әзірленген, оның үстіне, бұлар негізінен Ресейдің ғылыми және жобалау институттары әзірлеген 1700-ден астам нормативтік-техникалық құжаттар б і р л і г і н е н т ұ р а д ы .

Бұлжымас техникалық прогреске, жаңа технологиялардың, материалдардың, машиналар мен механизмдердің пайда болуына, экономикалық және қоғамдық қатынастардың өзгеруіне байланысты нормативтік-техникалық құжаттар ұдайы жаңарту мен нақтылауды талап етеді. Мердігерлік жұмыстар (қызмет көрсетулер) мен құрылыс материалдарының қазақстандық рыногының ерекшелігін ескере отырып, дүниежүзілік қоғамдастықтағы құрылыстың сметалық құнын айқындау қағидаттарын қабылдауға көшу міндеті айрықша өзекті болып табылады.

Отандық нормативтік-техникалық базаны халықаралық стандарттармен және талаптармен үйлестіру мәселелері, қолданбалы ғылым мен жобалау-ізвестіру ісінің проблемалары өз шешімін талап етеді.

М і н д е т т е р

Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметінің халықаралық талаптарға жауап беретін осы заманғы нормативтік-техникалық базасын жасау және

ғылымның, техника мен жаңа технологиялардың жетістіктерін ескеріп, оны ұдайы сонымен сүйемелдеп отыру.

І с - ш а р а л а р

Нормативтік базаны жүйелі және жоспарлы реформалау мен нормативтік құжаттардың жаңа жүйесін қалыптастыру жөніндегі жұмыстар жалғасады. Бірінші кезекте нарықтық экономика талаптарынан, құрылыста жаңа технологиялардың пайда болуынан туындайтын аса маңызды проблемаларды шешуге бағытталған негізгі нормативтік құжаттарды әзірлеу көзделіп отыр.

ТМД елдері Үкіметтері басшыларының Мемлекетаралық келісімдері шеңберінде бірыңғай нормативтік базаны қалыптастыру жүйесін сақтауға, олардың халықаралық талаптармен үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған нормалар мен стандарттарды әзірлеу жөнінде келісілген техникалық саясат одан ә р і ж а л ғ а с а д ы .

ТМД елдеріндегі құрылысты стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссия (МҒТҚК) шеңберінде бірыңғай перспективалық жоспар бойынша құрылыс құрастырмаларын, инженерлік жүйелерді, жылу-энергия үнемдеу, үйлер мен ғимараттардың төзімділігін, өрт-жарылыс қауіпсіздігін және т.б. есептеу құрылымдау және жобалау салаларына негіз болатын нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

ТМД елдерінің ұлттық нормативтік базасы зерделенеді және осы нормативтік құжаттарды сатып алу мен Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа енгізу мүмкіндігі туралы жұмыс жүргізіледі.

Құрылыс саласындағы ғылыми-техникалық әлеуетті сақтау мақсатында осы салада басымдыққа ие ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының күшімен ұлттық техникалық нормативтер әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғасады.

2001-2003 жылдар ішінде құрылыстың сметалық құнын айқындаудың жаңа жүйесі әзірленіп, сынақтан өткізіледі және оны енгізу басталады. <*>

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен .

9. Қолданбалы ғылым және жобалау ісі

П р о б л е м а л а р

Саяси-экономикалық қайта құрулардың басталуына және бұрынғы КСРО-ның ыдырауына байланысты егеменді Қазақстан бұрынғы кеңестік ақпараттық, нормативтік-техникалық және әлеуметтік қамтамасыз ету көздерінен айрылып қалды, ал тапсырыстардан айырылуы салдарынан отандық жобалау мен ғылыми-қолданбалы рыноктың ауқымы едәуір тарылды.

Бұрынғы мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру ұйымдарының көпшілігі жаңа жағдайларда олардың ғылыми техникалық және кадрлық әлеуетіне қарамастан қажетсіз болып қалды.

Қала құрылысы мен құрылыс объектілерін жобалау саласындағы да, өндірісті, күрделі құрылысты дамыту саласындағы да проблемалар ішкі рынокты қорғаумен, мамандарды қайта даярлаумен және жаңа кадрларды даярлаумен, сондай-ақ тұтастай экономикалық және әлеуметтік проблемалармен байланысты.

Қызметі мемлекеттің айрықша құзыры болып табылатын және қала құрылысын жоспарлау, инженерлік ізвестірулер, сейсмикалық төзімді құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік функцияларды және басқа да міндеттерді орындаумен байланысты жобалау-ізвестіру және ғылыми-зерттеу институттардағы істің жайы ерекше алаңдату туғызуда.

М і н д е т т е р

Республиканың мемлекеттік функцияларға жатқызылған сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы міндеттерді шешу үшін ғылыми және жобалау-ізвестіру әлеуетін сақтау мен дамыту, сондай-ақ ұлттық байлық ретінде жобалау, ізвестіру және ғылыми мұрағаттар мен қорларды сақтау мемлекеттік жобалау ісін жетілдіру мәселелеріндегі басты міндет болып табылады.

І с - ш а р а л а р

Жобалау саласындағы мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатында Аумақтарды ұйымдастырудың бас сызбасын әзірлеу бөлігінде конкурстардың (тендерлердің) негізінде мамандандырылған қала құрылысын жобалау ұйымдарының күшімен бас жоспарлар мен басқа да жобалау-жоспарлау құжаттамасын әзірлеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары орындалады.

Сейсмология, сейсмикалық төзімді құрылыс, аумақты инженерлік даярлау және жалпыұлттық маңызы бар басқа жұмыстар саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер бойынша жұмыстар жалғасады.

10. Мемлекеттік басқару жүйесі

П р о б л е м а л а р

Саладағы мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі проблемалары мыналар болады.

1) мемлекеттік басқарудың орталық атқарушы органы мен жергілікті атқарушы органдарының құрылымындағы мемлекеттік сәулет, қала құрылысы мен Құрылыс органдарының арасында тиімді өзара іс-қимылдың болмауы;

- 2) сәулет-қала құрылысы мен құрылыс бақылауы тиімділігінің:
- уәкілетті органның бақылау-қадағалау функцияларын жергілікті атқарушы органдардың қайталауы;
- салалық ведомстводан құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын сертификаттау жөніндегі уәкілеттіктерін алып қоюы нәтижесіндегі жеткіліксіздігі;
- 3) саладағы мемлекеттік реттеудің заң базасының толымсыздығы мен пысықталмағандығы;
- 4) белгіленген тәртіппен бекітілген мемлекеттік қала құрылысы саясатының болмауы.

М і н д е т т е р

Негізгі міндет сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласында ел экономикасын дамытудың осы заманғы кезеңіне жауап беретін мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру болып табылады.

І с - ш а р а л а р

Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында:

- 1) "Мемсәулетқұрылысінспекция" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын оның аумақтық еншілес кәсіпорындарымен мемлекеттік мекемеге қайта құру;
- 2) облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің, оларға лицензиялау, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының және жергілікті жерлерде құрылыс өнімдерін сертификаттау функцияларын жүктей отырып, аумақтық бөлімшелерін құру;
- 3) Құрылыс істері жөніндегі комитеттің құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын стандарттау және сертификаттау саласындағы жұмысын осы салада келісілген саясат жүргізу негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемстандарттарымен бірлесе отырып күшейту;
- 4) республикалық бюджет есебінен орталық орган және жергілікті бюджет есебінен аумақтық бөлімшелер құра отырып, Қазақстан Республикасында тұрғын үй-жайлардың техникалық жай-күйі мен сақталуының мемлекеттік инспекциялау жүйесін енгізу;
- 5) Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің құрылымын оларға жүктелген саланы мемлекеттік басқару жөніндегі міндеттерге сәйкес жетілдіру жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.26. N 127 қаулысымен, 2003.05.20. N 462 қаулысымен.

11. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Қазіргі тұрғын үйлерді мемлекеттік қадағалау мен инспекциялау жүргізу жүйесін жетілдіруге бюджеттен 16 млн. теңге сомасында қаржы бөлуді, ал республиканың барлық аумағындағы жаңа құрылысқа мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен реттеуін жүргізу республикалық бюджеттен 125 млн. теңгені қажет етеді.

Саланы нормативтік-техникалық базамен қамтамасыз ету - жаңа нормативтік құжаттарды әзірлеу мен қолданылып жүргендерін қайта пысықтау және өте маңызды бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу мемлекеттік бюджеттен қаржыландырудың жыл сайынғы 50-70 млн. теңге шегінде қалыптасқан көлемін сақтауды талап етеді.

Үкіметтің тапсырмасы бойынша маңызды және жауапты объектілер жөнінде техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге байланысты жобалау ісі, жобалар мен жұмыс жобалары республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Қажетті қаражат көлемі нақты қойылған міндеттер мен жұмыс көлемдеріне қарай айқындалады.

Республикада аумақтарды пайдалану мен дамытуды және сәулет пен қала құрылысы саласында тұтастай мемлекеттік саясатты реттеудің қалыптасқан бірыңғай мемлекеттік құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Аумағын ұйымдастырудың бас сызбасын әзірлеу жыл сайын 50 млн. теңге сомасында шығынды қажет етеді.

Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың бағдарламасын әзірлеу кезінде мемлекеттік қала құрылысын бақылау мен мониторингті жүзеге асыру, МҚҚК ақпараттық жүйесін пайдалану үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын (МҚҚК) қалыптастыру мен жүргізу жыл сайын 12 млн. теңгені қажет етеді.

12. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру мемлекет өмірінің экономикалық және әлеуметтік-саяси жағына елеулі әсерін тигізеді.

Мемлекеттік қала құрылысының жүйелі саясаты аумақтық-жоспарлау және экологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз етеді, аумақтық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік туғызады, шаруашылық есеп қағидаттарында жұмыс істейтін қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Сонымен бір мезгілде, күрделі құрылысқа оның тұрақтануы мен одан әрі өсуі үшін, оның ішінде негізгі қорларды ұдайы жаңғырту негізінде инвестициялардың құйылуы көтермеленетін болады. Аталған процесс, тәуекелді сақтандыру жүйесін енгізуді қоса алғанда, тиісті нормативтік кесімдерді күшіне енгізудің мемлекеттік саясатына негізделеді.

Сенімді және елімізде халық сеніміне иеленген құрылыс жинақ ақшасы мен ипотекалық несие беру жүйелерін құру тұрғын үй құрылысы көлемінің құлдырауын тоқтатады және 1999 жылғы берілген 1,072 млн. шаршы метр көлеммен салыстырғанда тұрғын үйді пайдалануға беру 2003 жылы болжамдалған көлемде 1,310 млн. шаршы метрге өсуге әсерін тигізеді. Қолданыстағы тұрғын үй қорын қайта жаңарту мен жаңғырту саласындағы жұмысты ұйымдастыру үшін экономикалық және құқықтық алғышарттар жасалады, ал тұрғын үйлерді мемлекеттік инспекциялау жүйесін енгізу олардың тозуы мен қирап, істен шығуын күрт төмендетеді.

Нормативтік құқықтық базадағы өзгерістер мен толықтырулар отандық ұйымдар орындаған құрылыс-монтаж жұмыстарының үлесін 1999 жылғы 78%-дан 2003 жылы 90%-ға арттыру үшін алғышарт жасайды.

Бағдарламада көзделген құрылыс материалдары мен құрастырмаларының өнеркәсібін атаулы қолдау, инвестицияларды іздестіру мен тарту, импортты алмастыру жөніндегі шаралар республикадағы өнеркәсіп өнімдерінің жалпы құрылымындағы құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының 1999 жылғы 0,89% үлесін 2003 жылы 4%-ға арттыруға мүмкіндік туғызады.

Құрылыс саласының осы заманғы нормативтік техникалық базасын жасау, ғылымның алдыңғы қатарлы жетістіктерін ескере отырып, ұдайы сонымен сүйемелдеу құрылыс жұмыстары мен өнімдерінің сапасын арттыруға жағдай жасайды, отандық ұйымдарға құрылыстық қызмет көрсетудің халықаралық рыногына кіруіне мүмкіндік береді.

Күрделі құрылыстағы тәуекелді сақтандыру жүйесін экономиканың әртүрлі салаларындағы отандық ұйымдарға шетелдік және бірлескен фирмалар жүргізетін, оның ішінде мұнай-газ саласында және көліктік инфрақұрылым құрылысын салу кезіндегі мердігерлік жұмыстарға арналған тендерлерге шетелдіктермен бірдей қатысуына мүмкіндік береді.

Бағдарламада көзделген мемлекеттік басқарудың жетілдірілген жүйесі кәсіпкерлікті, шағын бизнесті дамытуға, бәсекеге қабілетті құрылыс материалдары өндірісінің өсуіне және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2000 жылғы 28 қарашадағы
 N 1778 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметін дамытудың 2000-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен , 2002.01.26. N 127 қаулысымен , 2002.05.17. N 534 қаулысымен , 2003.05.20. N 462 қаулысымен , 2004.08.27. N 907 қаулысымен .

Р/с! N	Іс-шара	!	Аяқталу нысаны	!	Орындауға жауаптылар	!	Орын. далу	!	Болжа. нып	!	Қар. жылан.
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
1	2	!	3	!	4	!	5	!	6	!	7

1. Сәулет және қала құрылысы

1. "Қазақстан Респуб- Қазақстан ЭИСМ 2001 жылғы - -
 ликасындағы сәулет, Республи- 3-тоқсан
 қала құрылысы және қасының
 құрылыс қызметі Заңының
 туралы" Қазақстан жобасы
 Республикасының
 Заңына толықтырулар
 енгізу туралы"
 Қазақстан Респуб-
 ликасы Заңының
 жобасын әзірлеу
 ("Құрылыстағы мерді-
 герлік жұмыстар"
 деген тараумен

толықтыру)

2. Қазақстан Республи- Қазақстан ЭИСМ 2001 жылғы - -
 қасының мемлекеттік Республи- 2-тоқсан

	қала құрылысы саясатының жобасы	құрылымдамасының жобасын әзірлеу	саясатының жобасын әзірлеу	касының Үкіметі қаулысының
3.	Инфрақұрылымды орналастыру және дамыту жүйесі бар Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас сызбасының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың қала құрылысын жоспарлау жөніндегі	ИСМ	2004-2005 Жыл сайын пуб-респуб-ликалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде
	кешені			құжаттарының
4.	"Мемлекеттік қала құрылысы кадастры орталығы" жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының РМК-ны құру	ЭИСМ	2001 жылғы 3-тоқсан қасының Үкіметі қаулысының жобасы
5.	Республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен аудан орталықтарының бұрын бекітілген бас парларын немесе әзірлеуді немесе бекітуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоспарларын жаңартуды немесе жаңаларын әзірлеуді немесе бекітуді қамтамасыз ету	Облыстардың, қалалар мен аудандардың жыл сайынғы ақпарат	2003-2005 жылдар сайынғы ИСМ Құрылыс істері жөніндегі комитеті

2. Күрделі құрылыс

6.	Шетелдік және отандық инвесторлардың тең құқықтарын дейтін	Қазақстан Республикасының "Инвестициялар	ҚРИА, ҚарМ, МКМ, ЭИСМ	2001 жылғы 4-тоқсан қасы
			Заңының	

туралы"	Қазақстан	жобасы
	Республикасы	Заңының
жобасын әзірлеу		
7. Күрделі құрылыстағы инвестициялық процеске салық салу жетілдіру	Қазақстан Республикасы қатысушыларға салу жүйесін жөнінде ұсыныстар	МКМ, ҚарМ, 2001 жылғы ҚРИА, ЭИСМ қасының Үкіметіне ұсыныс дайындау

3. Тұрғын үй құрылысы

8. "Құрылыс жинақтары туралы" Қазақстан Республикасы жобасын әзірлеу жобасы
- Қазақстан Республикасы ЭИСМ, Ұлттық банк Заңының қасы Заңының
9. Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту және тұрғын үй қорын сақтау тұжырымдамасын әзірлеу жобасы
- Қазақстан Республикасы ЭИСМ, ЭМ, Ұлттық банк 2000 жылғы 4-тоқсан (келісім бойынша) қаулысының
10. Жергілікті бюджеттер есебінен өңірлердегі тұрғын үй ғимараттарын мемлекеттік инспекциялауды жүргізу жобасы
- Қазақстан Республикасы ЭИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
11. Ипотекалық тұрғын үй кредит беру тивтік құқықтық база-сын дамыту және жетілдіру
- Нормативтік Ұлттық банк Тұрақты (келісім бойынша), ИСМ Құрылыс істері жөніндегі комитеті
12. Сейсмикалық қауіпті өңірлердегі ғимараттар мен құрылыстардың
- Қазақстан Республикасы ЭИСМ, Қазқұрылыс-қасының 2000 жылғы 4-тоқсан комитет

сейсмикалық	төзімді-	Үкіметі
лігін арттыру	жөнінде	қаулысының
республикалық	іс-ша-	жобасы
ралар жобасын дайындау		
13. Жаппай құрылыс салу-	Бұйрық	ЭИСМ,
дың алғашқы жылдарында		2001 жылғы
салынған ірі панелді		Қазқұрылыс-
		3-тоқсан
		комитет
тұрғын	үйлерді	жаңғыр-
ту	жөнінде	үлгілік
шешімдермен		ұсынымдар
	әзірлеу	

4. Құрылыстағы мердігерлік жұмыстар

14. Құрылыстағы лизингті	Қазақстан	ЭИСМ	2001 жылғы
дамыту жөнінде ұсыныс-	Республи-		3-тоқсан
тар әзірлеу			касының
			Үкіметіне
ұсыныс			
15. Құрылыс-монтаж ұйым-	Қазақстан	ИСМ	Құрылыс
дары мен кәсіпорындар-	Республи-		Тұрақты
ды халықаралық сапа	касының		істері
стандарттарына көшіру	Үкіметіне		жөніндегі
жөніндегі жұмысты		жыл	комитеті
жалғастыру ақпарат			сайынғы
16. Кәсіпорындарды ше-	Қаржыминнің	Қаржымині,	2000 жылғы
телдік фирмалардың	бұйрығы	ЭИСМ	4-тоқсан
	басқаруына		беру
	нәтижесінде		жинақ-
	талған	құрылыс-мон-	
	таж	ұйымдарының	
	дебиторлық	берешегін	
	кезең-кезеңімен	өтеу	
	кестесін	әзірлеу	

5. Құрылыс материалдарының өндірісі

17. Құрылыстың перспек-	Басым	ИСМ	Тұрақты
тивалы,	өтемді	жоба-	республи-

- ларын іріктеу, құрылыс калық материалдарын шығаратын кәсіпорындарды жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсыныс
18. Құрылыстағы инвестициялық жобаларды қаржыландырудың сыртқы көздерін іздестіру мен тарту ақпарат Қазақстан ИСМ Жыл сайын Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы Қазақстан ИСМ Сыртқы инвесторлармен және кредиторлармен келісім-шарт жасау кезінде қазақстандық мердігерлік ұйымдар мен құрылыс материалдарын өндірушілердің мүдделерін сақтау
20. Құрылыс тауарларын әкелуді тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу Қазақстан ИСМ Жылына 1 реттен кем емес Үкіметіне ұсыныстар Қазақстан ИСМ Құрылыс 1 рет істері жөніндегі комитеті құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының каталогын шығару
21. Республикада өндірілетін құрылыс тауарларына мониторинг жүргізу және бәсекеге қабілетті Қазақстан ИСМ Жылына 1 рет істері жөніндегі комитеті Қазақстан ИСМ Құрылыс 1 рет істері жөніндегі комитеті
22. Отандық материалдарды қолданудың мүмкін еместігі туралы Бұйрық ЭИСМ, 2005 жылғы Қазқұрылыс-IV тоқсаны комитет

тиісті	негіздемелер
болғанда	ғана мемле-
кеттік	инвестициялар
есебінен	толық немесе
ішінара	қаржыланды-
рылатын	жобаларға
импорттық	құрылыс
материалдарын,	бұйым-
дар мен	құрастырмалар-
ды қолдануды	көздейтін

тәртіп енгізу

23. Құрылыс тауарларының Астана "XXI ғасыр" Жылына
көрмелерін, оның ішінде және қазақстан- 1 көрме-
халықаралық көрмелерді Алматы дық жарнама ден кем
өткізу практикасын қалала- және марке- емес
жалғастыру рындағы тинг орта-
көрмелер лығы, ИСМ

6. Нормативтік-техникалық база

24. Сәулет, қала құрылысы, Норма- ИСМ Құрылыс 2003- 185,1 Рес-
тұрғын үй қоры мен тивтік істері 2005 2003 ж.- пуб-
тұрғын үй-коммуналдық техни- жөніндегі жылдар 60,0 ли-
шаруашылық объектілерін калық комитеті 2004 ж.- ка-
салу, қайта жаңарту, құжаттар 62,5 лық
жөндеу және пайдалану 2005 ж.- бюд-
саласындағы жаңа норма- 62,6 жет

тивтік-техникалық	құ-
жаттарды	әзірлеу және
қолданылып	жүргендерін

жаңарту

25. Құрылыстың сметалық Құрылыс ИСМ Құры- 2003 жылғы
құнын айқындаудың жаңа істері лыс істері I жарты
жүйесіне көшу жөнін- жөніндегі жылдық
дегі комитеті
к о м и т е -
т і н і ң

бұйрығы

26. ТМД елдері үшін ортақ мемлекетаралық нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу жөніндегі Құрылыстағы метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық техникалық комиссия (бұдан әрі - ҚМҒТК) ТМД елдерімен ИСМ тивтік техникалық стандарттау, сертификаттау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі - ҚМҒТК) шеңберінде ынтымақтастықты жалғастыру

27. ҚМҒТК шеңберінде нормативтік-техникалық құжаттарды сатып алуды, жыл сайын қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды бюджеттік комиссияға дайындау және енгізу

Жоспарланған жылға арналған функционалдық бағдарламалардың

ИСМ 2003-2005 жылдар

15,0 2003 ж. - 15,0

Республикалық бюджет жетімдер мен балалары

28. Мектептердің, денсаулық сақтау объектілерінің, кеден бекеттерінің және темір жол терминалдарының үлгілі жобаларын әзірлеу және бекіту. Үлгілі жобалардың альбомдарын тираждау және шығару, тарату

Мемлекеттік сатып алулар істері жөніндегі комитеті

ИСМ Құрылыс істері жөніндегі комитеті

2003-2005 жылдар

274,5 2003 ж. - 150,0 2004 ж. - 80,7 2005 ж. - 43,8

Республикалық лицензиялық бюджет жетімдер мен балалары

7. Қолданбалы ғылым және жобалау ісі

29. Қазқұрылыс комитетін мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын асыратын Қазақстан Республикасының қазіргі және респу-

ЭИСМ, ҚарМ

2000 жылғы 4-тоқсан Үкіметі қаулысы-

ликалық меншіктегі ның
 жобалау-іздістіру жобасы
 ұйымдарында акциялар-
 дың мемлекеттік паке-
 тін және мемлекеттік
 үлесті басқару құқығы
 бар мемлекеттік орган

деп белгілеу

30. Құрылыс саласындағы ғылыми зерттеу қолданбалы ғылыми зерттеу	Құрылыс ІСМ Құрылыс жөніндегі істері жөніндегі комитетінің бұйрығы	2003-2005 жылдар	73,2 2003 ж.- 24,0 2004 ж.- 24,0 2005 ж.- 25,2	Рес- пуб- ли- ка- лық бюд- жет
--	---	------------------	---	--------------------------------

8. Мемлекеттік басқару жүйесі

31. "Мемсәулетқұрылыс инспекция" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын мемлекеттік мекемелер етіп қайта құру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының	ЭИСМ, ҚарМ	2001 жыл 2002 жылға арналған бюджет қаражатын бөлу кезінде
---	--	------------	---

өзірлеу

32 Құрылыс өнімін стандарттау және сертификаттау саласындағы жұмысты күшейту	Стандарттау,	ЭИСМ	2001 жылғы 3-тоқсан метрология және сертификаттау комитеті мен Қаз- құрылыс- комитеті арасындағы құрылыс өнімдерін
--	--------------	------	--

с е р т и ф и к а т -
т а у с а л а -
с ы н д а ғ ы
б і р л е с к е н
ж ұ м ы с
т у р а л ы
к е л і с і м

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК